«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-9/2272
01.09.2021

«Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ-нің басшысы А.Б.Ахметовке

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(Әрі қарай –Департамент)* «Жас интеллектуал» Жастар ұйымы» ҚБ-нің «Атырау облысы жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізілген №6128476-1 «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Тәуелсіздік - бабалар аманаты» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер» әлеуметтік тапсырыспен сатып алуына қатысты жазылған шағымы бойынша бақылау жүргізіліп, төмендегідей бұзушылықтар анықталды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(бұдан әрі - Қағида)* 227 тармағында *«ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады»* деп аталған.

Осы ретте, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылған техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алудың мәні - *«ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Тәуелсіздік-бабалар аманаты» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтерді ұйымдастыруды»* болып табылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағында *«Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар*

атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі; 7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі; 8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі» делінген.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алу заңнамалары негізінде және әлеуметті өнім берушілермен ұсынылған құжаттарды зерделеумен, «Жас интеллектуал» Жастар ұйымы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне конкурстық коммисиямен берілген өлшемшарттар бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Инфо орталығы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне төменде көрсетілген өлшемшарттары бойынша келесідей балдар есептеуге жатады:

- *әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі – 1 бал.*
- *егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); - 3 бал.*
- *әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі – 2 бал.*

Осы ретте, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 233 тармағының талаптары сақталмай, «Инфо орталығы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне Қағиданың 233 тармағында көзделген өлшемшарты бойынша балдар бұзушылықпен қолданылғандығы анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, анықталған бұзушылықтарды жою және мемлекеттік сатып алу заңнамаларына сәйкестендіру үшін тиісті шаралар қабылдау тапсырылады.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Садыкова
Тел:87122 319038